



>>> 6

4 % АВТОНЕСИЕ ҚАШАН
БАСТАЛАДЫ?



>>> 8

БЕЛСЕНДІ ДЕМАЛЫС ҮШІН
ҮЗДІК 10 ОРЫН



>>> 9

СКОЛЬКО ЖЕНЩИН НЕ СМОГУТ
ПОЛУЧИТЬ ВЫСОКУЮ ПЕНСИЮ?



>>> 11

КОНЦЕРТЫ, ПОСВЯЩЕННЫЕ
ДНЮ ПОБЕДЫ

МЕТРО

№ 12

4-10 мая 2023 г.
Городская газета
Алматы



Сможет ли аким Калдыбеков наконец отремонтировать дороги в Алатауском районе?

Не менее 6,3 млрд тенге на ремонт дорог в Алатауском районе предусмотрены акиматом города и района. Призываем жителей этого и других районов делиться информацией и фото о качестве (не)работы властей по номеру: +7 701 871 0500. Мы верим, что общественный контроль поможет снизить уровень коррупции и способствует выполнению чиновниками своих обещаний.

>>> 2

ПАРЛАМЕНТ

Что мешает депутатам принимать работающие законы?

Ответ – личностный пиар

Почему на сайте Парламента информация только о досуге сенаторов и мажилисменов? Где реальная работа законодательного органа?

После критики президента Токаева о том, что «Мы сильно ошиблись с законом об ОСИ», редакция газеты МЕТРО специально изучила работу верхней (Сенат) и нижней (Мажилис) палат Парламента. Ведь Токаев подписал закон после «тщательной» проработки НПА обеими палатами.

>>> 3

Депутат от партии Аманат заявила о сложении мандата после скандального заявления



Ранее Анна Башинская рекомендовала президенту Украины В. Зеленскому вместо Крыма напасть на Турцию. «Лучше в Турцию, господин Зеленский! Там тепло круглый год», – написала в комментариях под постом на странице Deutsche Welle в Facebook Башинская.

2 мая Башинская написала, что «не хочет своими действиями навлечь тень на миролюбивую политику нашей страны», поэтому «принимает решение о сложении депутатских полномочий».

Генерал Серік Күдебаев 10 жылға бас бостандығынан айырылды

Елден қашқан Алматы және Алматы облысының полиция департаментінің бұрынғы бастығы Серік Күдебаев қауіпсіздігі орташа деңгейдегі түрмеде 10 жыл жазасын өтейтін болады, деп хабарлады ҚазТАГ.

Жұма күні Талдықорған сотында елден қашқан генералға қатысты айыптау үкімі жария етілді.

27 сәуірде Күдебаевтың ұсталғаны және оны Ыстамбұлдан арнайы рейспен Қазақстанға жет-

кізілгені хабарланды. Кейін Серік Күдебаевтың ұсталғанын бас прокурор Берік Асыллов ресми түрде растады. Кейін оның УҰИ-ге қамалғаны белгілі болды. 28 сәуірде туыстары Күдебаевтың Қазақстан күш құрылымына өз еркімен беріліп, Қазақстанға өзі келді-міс деген ақпарат таратты. Алайда бас прокуратура бұл мәлімдемені жоққа шығарды. Олардың айтуынша, Күдебаев шетелде тұруды рәсімдеуге құжаттарын тапсырып қойған. Сол күні ПД экс-басшысы соңғы сөзін айтып, өзінің кінәлі емес екенін жеткізді.

Серік Күдебаевтың баласы әкесі туралы: ол Қазақстанға өз еркімен оралды

«Кей БАҚ оны ұстамамы-мыс деп ақпарат таратып жатыр. 26 немесе 27 сәуір күні (Серік Күдебаев) кенше еніміне хабарласып, елге өз еркімен оралатынын айтқан», – деп мәлімдеді ұлы Арман Мырзақұлов. Ол сонымен қатар Күдебаевтың отбасы оның осы уақыт аралығында нақты қайда болғанын білмегенін жеткізді.

Еске салсақ, бұған дейін бас прокуратура хабарлағандай, қаңтар оқиғасы кезінде күш құрылымдары басшылықтың әлсіздігінен рухы түскен. Мысал ретінде, Талдықорғандағы тәртіпсіздік кезінде Күдебаевтың полиция ғимаратынан кетіп қалғаны келтірілген.

Айта кетерлігі, Күдебаев қашып кеткеннен кейін қаңтар оқиғасына қатысушылар ретінде тергеуден өтіп жатқан бес полицей үй қамағынан қамауға алынды.

Сможет ли аким Калдыбеков наконец отремонтировать дороги в Алатауском районе?

1 >>>

В минувший четверг аким мегаполиса Ерболат Досаев провел очередную встречу с населением. На этот раз Алатауского района.

Согласно официальному пресс-релизу акимата, на встрече были подняты все острые проблемы района:

- ненадлежащая коммунальная инфраструктура;
- долгостроящиеся инженерные сети;
- проблемы с работой общественного транспорта;
- нехватка школ и больниц;
- постоянные подтопления;
- низкий охват уличного освещения и как следствие преступность;
- и многое другое.


Редакция METRO решила остановиться на одной проблеме – это качество дорог.

Аким сказал собравшимся, что во всех микрорайонах Алатауского района к текущему ремонту запланировано 23 тыс. м² дорог на 60 улиц. Для этих целей району выделено 250 млн. тенге. В мае начнется средний ремонт дорог в 12 микрорайонах с охватом 79 улиц протяженностью 60 км. Все ремонтные дорожно-ремонтные работы будут завершены в октябре-ноябре.

Корреспондент газеты изучил открытые данные и выяснил следующие конкурсные объявления о планируемом ремонте автомобильных дорог, улиц районного и местного значения Алатауского района города Алматы.

Заказчик – КГУ «Аппарат акима Алатауского района»:

- объявление № 9919549-1 – сумма закупки 223 214 285.68 тенге (мкр.13,14-территория, АЗТМ, Аккент, Нуркент, Атлет.деревня, Акбулак, Зердели,14 район);
- (мкр. Алгабас, Теректи, Рахат-Мадениет, Боралдай, Томирис, Шанырак-2);



- (мкр.Самгау, Туркестан, Курлысшы, Улжан-1,2, Дархан, Байбесик, Ожет, Карасу, Шапагат, с/т «Болашак», «Птицевод»);
- (мкр.Айгерим-1,2, Коккайнар, ст Радуга, Саялы 1,2, Шанырак-1, Дорога вдоль БАКа);
- объявление № 9747445-1 – сумма закупки 124 577 678.57 тенге
- (оказание услуг неблагоустроенных участков Западной части Алатауского района, мкр. Айгерим, Шанырак-1, Шанырак-2, Улжан, Томирис, мкр. Карасу, Дархан, Ожет, Шапагат).

Заказчик – КГУ «Управление городской мобильности города Алматы»:

- объявление № 9848416-1 – сумма закупки 739 432 686.00 тенге (средний ремонт улиц в мкр. «Карасу» Алатауский район города Алматы (км. 0-14,340);
- объявление № 9833971-1 – сумма закупки 391 084 138.00 тенге (средний ремонт ул.Немировича-Данченко, ул.Ф.Онгарсыновой в Алатауском районе (км.0-6,387);
- объявление № 9833612-1 – сумма закупки 452 711 583.00 тенге (средний ремонт улиц в мкр. «Акбулак и Зердели» Алатауский район города Алматы (км.0-5,670);
- объявление № 9833456-1 – сумма закупки 169 162 054.00 тенге (средний ремонт улиц в мкр. «Томирис» Алатауский район города Алматы (км.0-5,706);
- объявление № 9786283-1 – сумма закупки 2 722 323 073.00 тенге (строительство дорог в мкр. «Алгабас», в Алатауском районе города Алматы (незавершенное строительство);

- объявление № 9909070-1 – сумма закупки 1 484 991 693.00 тенге
- (средний ремонт дорог Алатауского района города Алматы (км.0-31,544).

Интересный факт: некоторые из микрорайонов (например, Алгабас, Томирис, Карасу и др.) повторяются в конкурсах районного акимата и управления. Будем надеяться, что это не на одни и те же дороги дважды выделяются средства...

Итого: только по увиденным нами конкурсам на ремонт дорог Алатауского района выделено 6,3 млрд тенге, если быть точными 6 307 497 191.25 тенге.

Будем надеяться, что аким Алатауского района Калдыбеков Азамат Бескемпирович и руководитель управления городской мобильности Телибаев Сагындык Токтасынович смогут по целевому назначению использовать выделенные на дороги деньги.

Напомним, что несмотря на то, что господин Калдыбеков является членом элитного Президентского кадрового резерва, он смог уже через год обзавестись привычками бывшего чиновника:

- выгнал журналистку из здания своего акимата – ее на руках в буквальном смысле вывел охранник акимата;
- еще через год жители микрорайона «Алгабас» требовали уже снять его с должности акима района – чиновник, по словам местных жителей, не реагирует на просьбы решить проблемные вопросы. В частности, людей беспокоит отсутствие воды, разбитые дороги, а также плохое освещение.



Приведем наглядный пример состояния дорог в Алатауском районе. Покрытие возле рынка «Арлан-2» тяжело назвать асфальтовым. Фото сделаны корреспондентом METRO и в дополнительных комментариях не нуждаются.

Экономику Алматы многие называют «базарной». Вклад МСБ в экономике Алматы в конце прошлого года увеличился до 60,3%. Но акимат не спешит выполнять свои обязательства и до сих пор не может создать качественную инфраструктуру, только постоянно обещая модернизацию рынков и улучшение дорог. В итоге МСБ приносит деньги в бюджет, сами предприниматели и горожане портят свои автомобили, а акимату итак живется не плохо.

Настоящую статью предлагаем считать точкой отсчета в работе журналистов по мониторингу работы акиматов всех районов и отраслевых управлений.



КОЛОНКА РЕДАКТОРА

Поздравляю
каждого героя
с праздником
Победы!

В этом году исполняется 78 лет со дня Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов.

В годы войны на фронтах воевали около 1 млн 800 тыс. казахстанцев. На данный момент в Казахстане проживают 237 ветеранов. В Алматы – 58 ветеранов. С каждым годом героев становится все меньше.

Война сделала тысячи молодых ребят инвалидами, которые отдали свое здоровье ради стабильности нашего общества. Предназначенный для ветеранов госпиталь в Алматы ждут уже более 10 лет. Медицинскую помощь ожидают 700 тысяч человек, включая ветеранов войны, солдат особого риска и др. Мы продолжаем освещать этот вопрос и добьемся считаем, что государство должно расширить пакет мер по поддержке ветеранов.

Отношение государства к защитникам отечества определяет духовно-нравственное воспитание нынешнего и последующих поколений. Мы должны чтить и уважать их вклад в наше стабильное настоящее!

ПАРЛАМЕНТ

Что мешает депутатам принимать работающие законы? Ответ – личный пиар

Почему на сайте Парламента информация только о досуге сенаторов и мажилисменов? Где реальная работа законодательного органа?

1 >>> Парламент – законодательный орган, который принимает нормативно-правовые акты в стране. Проще говоря, именно депутаты решают, сколько пенсия

будет составлять и когда наступает пенсионный возраст, сколько налогов и за что мы должны платить, и многое другое.

Сенат


Итак, открывая сайт Сената Парламента, на главной странице мы видим не правовую оценку законопроектов, которые вносит Мажилис или возможно, которые Сенат возвращает на доработку; мы видим пиар спикера Сената.

Заголовки главных статей сайта:

Маулен Ашимбаев принял участие в завершающей партии за звание чемпиона мира по шахматам (Ни слова в статье о законотворческой работе, хотя можно было добавить, что возможно спикер обсуждал новые поправки или меры поддержки. Но пресс-служба решила указать, что «Спикер Сената сделал символический первый ход партии»);

Маулен Ашимбаев принял участие в традиционном субботнике (Ни слова о вопросах законодательства в области экологии или иной прямой работе спикера).

Редакция METRO положительно относится к такой активности господина Ашимбаева, НО эта информация не о законах, поэтому пресс-службе может быть стоить завести персональный сайт для Маулена Сагатханулы, чтобы личный пиар не мешал работе целого Сената.



Мажилис


На сайте Мажилиса оказалось больше полезной информации о законотворческой работе. Однако, данные никак не адаптированы для широкой общественности. Сравнительная таблица в 56 страниц на вряд ли будет переработана хотя бы экспертами и журналистами, не говоря о рядовых горожанах.

Аналогичная информация об участии спикера Мажилиса в субботнике уже не удивляет.

Впрочем, нынешние идеологи уже показали свой уровень на прошедших выборах депутатов Мажилиса и маслихатов всех уровней, когда на массовые нарушения конституционных прав «Слышащее государство» закрыло и глаза, и уши.

В План законопроектных работ Правительства Республики Казахстан на 2023 год включены 25 нормативно-правовых актов.

Редакция METRO надеется, что обсуждение законопроектов с общественностью и экспертами будет до подписания президентом, как это было с законом об ОСИ. Ведь



Возможно то, что депутаты Сената избираются на 6 лет, вводит в заблуждение наших чиновников, и они предпочитают сначала заниматься собственными интересами, а законами – когда успеется.

Тем не менее напоминаем, что весь Сенат, все депутаты и даже проживание их семей финансируется из бюджетных средств, или, можно сказать, за счет налогоплательщиков – рядовых казахстанцев.

Что же мы видим, опускаясь в самый низ главной страницы сайта Сената (даже после «Видеогалереи» и всевозможных медийных программ) – законы, находящиеся на рассмотрении.


Наименование закона «О ратификации Факультативного протокола к Конвенции о правах инвалидов» от 27.04.2023, № 1766. Что это за закон, что дает его ратификация (прим. – подписание и принятие Казахстаном обязательств на себя), как изменится жизнь казахстанских инвалидов? Ответа нет. Сенаторы ограничились лишь сухими протокольными бумажками.



профильные ассоциации неоднократно обращались к властям с просьбой пересмотреть законы, но все попытки были проигнорированы.

365 алматинцев обратились за медпомощью после укусов клещей

Период активности клещей наступил с приходом тепла. Об этом в ходе брифинга Региональной службы коммуникаций сообщил руководитель Департамента санитарно-эпидемиологического контроля города Алматы, главный государственный санитарный врач города Алматы Касымхан Алпысбайұлы. При этом зарегистрирован всего один лабораторно зарегистрированный случай энцефалита.



По данным еженедельного мониторинга с начала эпидсезона текущего года в медицинские организации города обратились 356 пострадавших с укусами клещей, в том числе детей – 187 (52,5%) (за аналогичный период 2022 г. обратилось – 563 человек, детей – 310 (55%). Отмечается снижение количество пострадавших от укусов клещей в 1,5 раза. Всем пострадавшим от укусов клещей своевременно оказана экстренная помощь с введением противоклещевого иммуноглобулина.

По словам Касымхана Алпысбайұлы, самым эффективным методом защиты от заболевания клещевым энцефалитом является вакцинация против клещевого энцефалита.

«В городе прививки можно получить в городских поликлиниках по месту жительства (или по месту прикрепления) бесплатно после консультации врача. Курс вакцинации состоит их 2-х прививок с интервалом 1-7 месяцев. Прививки можно проводить в течение всего года, в том числе и в эпидсезон. Наиболее оптимальный интервал между первой и второй прививками равен 5-7 месяцев (осень-зима). Посещение очага клещевого энцефалита в эпидсезон допускается не раньше, чем через 2 недели после проведения второй вакцинации», – сообщил он.

Ревакцинацию проводят однократно через год после завершения курса вакцинации. Последующие отдаленные ревакцинации проводят каждые

три года однократно. Согласно инструкции вакцина против клещевого энцефалита рекомендована детям с 3-х лет и взрослым. К контингентам, подлежащим вакцинации против клещевого энцефалита относятся:

1) население, проживающее эндемичных по клещевому энцефалиту территориях;

2) прибывшие, на эти территории лица, выполняющие следующие работы:

- сельскохозяйственные, гидро-мелиоративные, строительные, экспедиционные, дератизационные и дезинсекционные;
- по лесозаготовке, расчистке и благоустройству леса, зон оздоровления и отдыха населения.

3) лица, посещающие эндемичные по клещевому энцефалиту террито-

рии с целью отдыха, туризма, работы на дачных и садовых участках;

4) лица, работающие с возбудителями клещевого энцефалита.

Окрестности города Алматы расположены на эндемичной по клещевому энцефалиту территории, в связи с чем, в целях профилактики заболеваемости клещевым энцефалитом и ограничения численности клещей на территории города в зонах высокого риска заражения заболеваемости (лесопарковые зоны, наиболее посещаемые населением местности – городские парки и скверы) ежегодно проводятся противоклещевые обработки в два тура. По состоянию на 1 мая противоклещевая обработка выполнена на площади 2279,24 гектаров – 94%. Продолжаются работы.

Причины расстройства желудка и способы от него избавиться

С расстройством пищеварения сталкивался почти каждый человек. В чем причины и как справиться с проблемами ЖКТ, рассказал врач общей практики поликлиники при ГКБ №7 города Алматы Жәнібек Серікбай.



«Пищеварение – сложный процесс, в ходе которого в желудочно-кишечном тракте съеденные нами продукты проходят механическую и химическую обработку, то есть перевариваются. Для переваривания пищи необходимы следующие компоненты: белки, углеводы, жиры», – пояснил Жәнібек Серікбай.

По его словам, чтобы избежать неприятностей пищеварения, необходимо:

- Тщательно продумать свой рацион.
- Соблюдать режим приема пищи.

- Есть нужно пять или шесть раз в день небольшими порциями, не спеша, не заглатывая воздух.

- Пищу стоит прожевывать тщательно, чтобы она обильно смачивалась слюной и была хорошо измельчена.

- Ограничить потребление острой еды.

- Еда не должна быть жирной, чрезмерно острой и соленой.

- Исключить вредные привычки, в том числе курение и чрезмерный прием алкоголя. Избегать влияние стресса.

- Нарушение пищеварения может возникать из-за стрессовых ситуаций.

- Заниматься спортом.
- Адекватные физические нагрузки не только нормализуют перистальтику ЖКТ, они могут влиять на тонус всего организма.

Врач также назвал возможные причины нарушенного пищеварения:

- недостаточное пережевывание;

- еда «на бегу»;
- переедание;
- пропуск завтраков и поздние ужины.

Факторы, которые могут ухудшать пищеварение:

- неправильный состав и способ обработки пищи;
- нездоровый образ жизни;
- самолечение;
- нервное напряжение.

«Причины ухудшения пищеварения могут быть связаны не только с функциональными нарушениями, но и с наличием каких-либо заболеваний органов ЖКТ. В этом случае необходимо вовремя обратиться к специалисту. Установить причину состояния и назначить подходящее лечение может только врач», – добавил доктор.

Как сахарный диабет влияет на зрение

Больные сахарным диабетом должны с особым вниманием относиться к здоровью своих глаз. Об этом напомнила врач-офтальмолог поликлиники при городской клинической больнице №7 Алматы Алуа Уразгалиева.

В ходе лекции на тему: «Что такое диабетическая ретинопатия и как ее лечить?» офтальмолог отметила, что при диабетической ретинопатии разрушается сетчатка – чувствительная оболочка глаза, которая трансформирует свет в нервные импульсы, передающиеся в мозг и создающие изображение.

Если уровень глюкозы в крови повышен в течение долгого времени, стенки сосудов, питающих сетчатку, повреждаются и ослабевают, в результате чего кровь просачивается и попадает на сетчатку.

Среди тревожных симптомов доктор назвала ухудшение центрального зрения, нарушение цветовосприятия, нечеткость зрения, темные пятна перед глазами.

«Проблема в том, что диабетическая ретинопатия в самом начале никак себя не проявляет, симптомы появляются только на серьезной стадии заболевания. Поэтому все пациенты с сахарным диабетом должны ежегодно проходить офтальмологическое обследование. Беременные с сахарным диабетом должны быть обследованы каждый триместр. Симптомы ухудшения зрения (например, затуманенное зрение) также являются показанием к осмотру окулиста», – сказала Алуа Уразгалиева.

Доктор отметила, что одним из основных методов лечения и профилактики диабетической ретинопатии является поддержание нормального уровня глюкозы в крови и контроль артериального давления.

ҰБТ

ҰБТ-ға тегін дайындық сабақтар кестесі

Сабақтар онлайн өтеді.

Ұлттық тестілеу орталығы ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуға арналған тегін онлайн сабақтар кестесін жариялады.

Онлайн сабақтарды ресубликаның үздік білім беру орталықтары жүргізеді. Сабақтар білім беру орталықтарының жеке YouTube арнасында өтеді.

3 мамыр:

Сағат 16.00. География (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Joo.kz, Бағила Садықова.

Сағат 21.00. Қазақстан тарихы (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Тарих мектебі, Оразбек Әбсаттар.

4 мамыр:

Сағат 19.30. Ағылшын тілі (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Onege school, Махамбетәлі Әбдіхамитұлы.

Сағат 20.00. Қазақ тілі (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Qazbilim, Алтыншаш Ержанқызы.

5 мамыр:

Сағат 20.00. Қазақ әдебиеті (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Qazbilim, Сәрсенбек Бақытұлы.

Сағат 20.00. Қазақстан тарихы (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Samga Academy, Темірқұл Багтов.

6 мамыр:

Сағат 16.00. Математикалық сауаттылық (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Sabaq.Online, Алишер Розматов.

Сағат 18.00. Қазақстан тарихы (қазақ тілі сыныбы). Білім беру орталығы мен педагог: Sabaq.Online, Ералы Бекзат.

Негізгі ҰБТ-ға өтініштерді қабылдау басталды

Тестілеу 16 мамырдан 5 шілдеге дейін өтеді.

Негізгі ҰБТ-ға өтініштерді қабылдау 28 сәуірде басталып, 14 мамырға дейін жалғасады. Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға арналған ҰБТ 16 мамырдан 5 шілдеге дейін өтеді. Барлық талапкерге ҰБТ-ны тапсыруға екі мүмкіндік беріледі.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің шешімі бойынша 2023 жылы талапкерлер негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатыса алады. Сондай-ақ, олар тестілеу күнін, уақытын және орнын өздері таңдайды. Бұл ретте талапкерлер екі мүмкіндік үшін бейіндік пәндердің бір ғана комбинациясын белгілейді.

ҰБТ-ға қатысу үшін Ұлттық тестілеу орталығының <http://app.testcenter.kz> сайтында тіркелуге болады. Атап өтейік, тіркелудің бірінші кезеңі 28 сәуірден 6 мамырға дейін, екінші кезеңі 7 мамырдан 14 мамырға дейін жүзеге асырылады.

«Талапкерлердің негізгі ҰБТ-ға дайындығын жақсарту мақсатында өткен жылы әр пән бойынша жеке тақырыптық талдау енгізілді. Яғни, әр ҰБТ-дан кейін (қаңтар, наурыз) түлектерге жеке тақырыптар бойынша білімдерін арттыру ұсынылады. Сонымен қатар, бірінші мүмкіндікті тапсырғаннан кейін олар екінші мүмкіндікке дейін дайындықтарын жақсарту алады. Одан бөлек, біз тегін онлайн байқау сынақтарын іске қостық. Білім беру орталықтарымен бірлесіп, тегін онлайн сабақтарды жалғастырдық. Ал оқу жылының басында ҰТО сайтында тест тапсырмалары құрастырылған әдебиеттер тізімі мен тест жоспары; «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша 100 тарихи дата тізімі; «Информатика» пәнінен терминдер тізімі; «Қазақ әдебиеті» және «Орыс әдебиеті» бойынша әдеби шығармалар тізімі жарияланды. Дайындық сапасын жақсарту үшін осы және басқа да қабылданған шаралар түлектерімізге тестілеуде жоғары нәтиже көрсетуге

көмектеседі деп үміттенеміз», – деді ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Тестілеу форматында өзгерістер жоқ. Пәндер саны өзгеріссіз қалады, яғни үш міндетті және екі бейіндік пәндер, барлығы 120 тест тапсырмасы. Алайда, «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша тест тапсырмаларының санына өзгерістер енгізілді. Енді «Қазақстан тарихының» бір нұсқасында 20 тест тапсырмасы болады: 1-ден 10-ға дейін – бір дұрыс жауапты таңдауға арналған; 11-ден 20-ға дейін – контекстке негізделген бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары (5 сұрақтан 2 контекстік мәтін). Сондай-ақ, бұған дейін талапкерлерге оқу сауаттылығынан 20 тест тапсырмасы берілсе, енді 3 мәтін бойынша 15 тест сұрағы ұсынылады.

Осылайша, Қазақстан тарихы – 20, оқу сауаттылығы – 15, математикалық сауаттылық – 15 және екі бейіндік пән бойынша 35 тест тапсырмасы ұсынылады. Ең жоғары ұпай – 140. Тестілеудің жалпы уақыты – 4 сағат (240 минут). Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қосымша 40 минут уақыты сақталады.

ҰБТ тапсырмаларының құрылымында да өзгерістер бар. Жауапты Министрлік тест тапсырмаларында дистракторлар санын (жауап нұсқалары) қысқарту туралы шешім қабылдады. Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны 5-тен 4-ке дейін, бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында (үш дұрыс жауаптан көп емес) нұсқалар саны 8-ден 6-ға дейін азайды.

2022-2023 оқу жылынан бастап «Информатика» пәні ҰБТ бейіндік пәндер комбинациясының тізіміне енгізілді. Осыған байланысты «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсушілер «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша ҰБТ тапсырады.

«Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында «1 компьютер – 2 камера – 1 тестіленуші» қағидаты сақталады. Сондай-ақ, өткен жылдан бастап тест нұсқалары таңбаланғанын атап өткен жөн. Яғни, ҰБТ-ға қатысушылардың әрқайсысының жеке тест нұсқасы болады. Сонымен қатар, калькулятор, Менделеев және тұздардың ерігіштік кестесі компьютер экранында қолжетімді етіледі. Талапкерлердің пікірі мен қалауын ескере отырып, негізгі ҰБТ-да оларға Менделеев және тұздардың ерігіштік кестесінің қағаз нұсқасы беріледі. Тест тапсырушылар тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Сертификат апелляциялық комиссияның шешімінен кейін талапкердің жеке кабинетінде қолжетімді болады», – деп атап өтті Руслан Емелбаев.

Шекті балл өзгерген жоқ: «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары үшін кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» кемінде 70 балл, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кемінде 60 балл; ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 65 балл, басқа жоғары оқу орындарына кемінде 50 балл жинау керек.

Тестілеуге кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады. Бұл талапкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ережелерді бұзу мен тыйым салынған заттарды (ұялы телефон, шпаргалка және т.б.) алып өтудің алдын алу үшін қажет.

Тестілеу барысында аудиторияның (компьютерлік сыныптың) және бейнебақылаудың ауданына байланысты рұқсат етілген магниттік толқындар шегінде ұтқыр және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басатын құрылғылар қолданылады.

2023 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 31 қазанына соңына дейін тестілеудің бейнежазбаларына талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда түсушінің ҰБТ нәтижелері жойылады.

ЖЕМҚОРЛЫҚ

Талдықорғандағы білім басқармасынан 2 млрд теңге ұрланған: бөлім басшысы ұсталды

Талдықорғандағы білім басқармасының бөлім басшысы ұсталды, деп хабарлайды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Жетісу облысы бойынша

Талдықорған қалалық білім бөлімінің басшысына қатысты тергеу жүргізіп жатыр. Басқарма басшысы Білім басқармасындағы бюджет қаражатын жымқыру фактілерін жасырғаны үшін қарамағындағылардан 280 миллион теңге көлемінде ірі көлемде пара алды деген күдікке ілінді. Сот санкциясымен күдікті қамауға

алынғанды. Өз кезегінде, пара беруге жол берген адамдар – аса ірі көлемде бюджет қаражатын жымқыру ісі бойынша негізгі айыпталушылар және сот санкциясымен қамауда отыр», – делінген бейсенбі күнгі хабарламада.

Еске салсақ, 2023 жылдың 19 сәуірінде Талдықорғанда миллиардтарды жымқырды деген күдікке ілін-

ген білім бөлімінің қызметкерлері ұсталып, қамауға алынғаны туралы хабарланған болатын. Жемқорлыққа қарсы қызметтің мәліметінше, алдын ала келтірілген шығын – шамамен 2 миллиард теңге. Іс бойынша айыпталушыларға тиесілі 29 жылжымайтын мүлік объектісіне, қымбат көліктерге арест қойылған.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Қандас мәртебесін алу үшін
мобильді қосымша арқылы
өтініш беруге болады

Этникалық қазақтарға қандас мәртебесін алу үшін "Құтты мекен" ақпараттық жүйесінің жанынан әзірленген мобильді қосымша арқылы өтініш беру мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл өтініш беру процесін жеңілдетеді. Дегенмен, өтініш иесінде мұндай мүмкіндік болмаса, ол бұрынғыша Қазақстанның шет елдердегі мекемелері арқылы құжаттарын

өткізе алады, Informburo.kz хабарлайды.

Ережеге сәйкес, этникалық қазақтар бұл ретте Қазақстанға келудегі мақсатын көрсетуі тиіс. Құжат жобасын жария талқылауға 17 мамырға дейін қатысуға болады. Еске салайық, 2023 жылы:

- қандастарды қабылдауға арналған 1 925 өңірлік квота;
- қоныс аударушыларды қабылдауға арналған 6 727 өңірлік квота беру жоспарланған болатын.

Буллингті қалай анықтауға болады, ата-аналар не істеу керек, мәселені шешудің жолдары қандай, бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар алаңында психология магистрі, Қазақстан психологтары қауымдастығының мүшесі, балалар психологы, мектептердегі дағдарыстық жағдайларды шешу жөніндегі маман Анастасия Стеблянка баяндады.

Психолог жасөспірімдер
арасындағы буллингті
анықтау жолдарымен бөлісті

Маманның айтуынша, буллингті жиі конфликтпен шатастырады. Бұл буллингтің дер кезінде танылмай, мәселенің одан сайын ұшығуына әкеп соғуы мүмкін.

«Буллинг пен конфликт айырмашылығы неде? Әдетте бірінші жағдайда екі тарап тең болмайды – әлсіз тарап және күштісі болады. Әдетте, күші басым тарапта бір адам, бірнеше адам болуы да сирек емес. Яғни, ең бірінші айырма – күштер теңсіздігі. Екіншіден, буллингтің нақты басталу және аяқталу мерзімі болмайды. Буллинг эпизодтары әртүрлі уақыт аралығында қайталанып тұрады. Бұл жайтты ересек адам немесе жасөспірімдер уақытында буллинг екенін танып, есте сақтауы тиіс. Буллинг – зорлық-зомбылықтың түрі, және ол психологиялық не физикалық сипатқа ие», – деді А. Стеблянка.

Психологтың айтуынша, буллинг себебі көбінесе ішкі, отбасылық мәселелермен байланысты. Ал агрессия әрдайым буллинг себебі бола бермейді.

«Егер бала, отбасы не мектеп болсын, жақсы әрі қолайлы ортада болса, онда бұл баланың буллингпен айналысуға немесе басқаларды қорлау арқылы өзін қорғауға ниеті болмайды», – дейді ол.

Сонымен қатар, маман буллингтің, ұшығып жатқан үрдісіне қарамастан, әлі де шешімін табуға болатын мәселе екенін айтады.

«Буллингпен шешімі бар, бұл ретте балалардың эмоциялық жәй-күйімен жұмыс істеу өте маңызды. Қазіргі жасөспірімдер бір-бірімен қарым-қатынас құруда түрлі қиындықтарға тап болады. Қиын кезеңдерде қалай әрекет ету керектігін білмейтіндіктен, осы орайда ересектер балаларға көмектесуі керек. Жеке орталықта жасөспірімдер арасында өзін-өзі бағалау, эмоционалды интеллектті тануға бағытталған арнайы топтар ұйымдастырдым. Бұл жасөспірімдерге өзін танып, өзгені түсінуге және қабылдауға көмектеседі», – деп қосты спикер.

Психологтың айтуынша, жасөспірімдер қарапайым құралдар мен өмірдегі түрлі жағдайлардың мысалдары және оларды сезіну арқылы қиын жағдайлардан қалай шығуға болатындығын түсінеді.

Мектеп баланың өмірінде маңызды рөл атқарады, себебі буллинг жағдайларын мектеп қабырғасынан байқаймыз. Буллинг мәселесін шешуде көптеген мектептер мамандандырылған орталықтардың, ҰЕҰ-ның көмегіне жүгінеді.

«Мен балалар психологымын. Маған ата-аналар, мұғалімдер жиі көмекке жүгінеді. Мен буллинг пен конфликт мәселелерін толық ажырата білгенде, көптеген мектептер назар аудара бастады. Алдыңғы қатарда жекеменшік мектептер болатын. Алайда, қазір мемлекеттік мектептер де көмек барысымен жүгіне бастады, – деді А.Стеблянка.

Егер мектепте буллинг мәселесі анықталса, ол алдымен сынып жетекшісінің, одан соң мектеп психологы, ал одан кейін тәрбие жөніндегі директор орынбасарының дәрежесінде шешіледі. Мәселенің шешімі болмаған жағдайда құқық қорғау органдары іске кіріседі.

Әлеуметтік желілердің дамуымен бірге кибербуллинг мәселесі де пайда болды. Сарапшы бұл мәселенің өзіндік нюанстары барын және оның әдеттегі буллинг ұғымынан басқаша екендігін атап өтті. Әдетте кибербуллингтің алдын алу, жағдайды шешу оңай шаруа емес. Себебі, егер мектепте әкімшілік, ата-аналар немесе жауапкершілікке тартылатын адамдар болса, онда кибербуллинг жағдайында мәселе қиын. Дегенменде, мәселенің қашанда шешімі табылады, дейді сарапшы.

«Егер бала мектепте немесе әлеуметтік желіде буллингке ұшыраса не істеу керек? Мен қарапайым, бірақ нәтижесі бар ережелермен бөліскім келеді. Жалпы, буллинг жағдайын балалар өздігінен шеше алмайды. Мұны тек ересектердің көмегімен шешуге болады. Сондықтан бала буллингке ұшыраған жағдайда өзі сене алатын ересек адамға жағдайды ашып айтып, ол адамнан қолдау табуы өте маңызды», – деп бөлісті ол.

Психолог ата-аналарға балалармен сөйлесуге және оларды тыңдауға күнделікті 15 минут уақыттың жеткілікті екенін айтты. Сарапшының пікірінше, мұндай әңгімелер профилактикалық сипатқа ие және балаға іштей сенімділік пен күш береді.

ТИІМДІ БАҒДАРЛАМА

4 пайыздық автонесие
қашан басталады?

Бағдарламаға көлік пен жалақы сомасына қатысты өзгерістер енгізіледі

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев Үкімет кулуарында жеңілдетілген автонесие қашан қосылатынын айтты, Informburo.kz хабарлайды.

«Бұған дейін әр айда қайтарылған қаражат есебінен қосымша тағы да автонесиелендіруді жүзеге асыру жоспарланған еді. Бірақ, қазір айына шаққанда шамамен 1 млрд теңге қаражат қайтарылып отыр. Ол 100 көлікке ғана жетеді. Жалпы, осы уақытқа дейін 4 млрд теңге револьверлі түрде қайтарылды. Ол шамамен 400 көлікке жетеді. Енді біз орта есеппен 500 көлікке жететін, яғни 5 млрд теңгедей ақша қайтарылғанда автонесиелендірудің келесі кезеңін жариялаймыз деп отырмыз», – деді министр.

Сонымен қатар, министр автонесиелендіру жүйесі қайта қаралып жатқанын жеткізді.

«Онда бірнеше мәселе бар. Бірінші мәселе – өткен жолы автонесиелендіруге ие болғанын адамдардың аты-жөнін жариялау. Екіншісі – көлік құнының 10 пайызы көлемінде бастапқы жарна енгізу. Осы уақытқа дейін көлікке бастапқы ақша төлеу қажет емес еді. Сонымен қатар, көбірек бюджеттік көліктерге қаражат бөлу мәселесі қаралып жатыр. Бұған дейін 15 млн теңге тұратын көліктерді алуға



Марат ҚАРАБАЕВ,
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрі

болатын. Мысалы, Kia Sportage, Hyundai Tucson сияқты көліктер құны бойынша бағдарламаға қатыса алады. Мүмкін одан да бағасы төмен машиналарға қолданылуы мүмкін», – деді министр.

Сондай-ақ, министр жеңілдетілген автонесиеге қатыса алатын адамдар үшін жалақы шегін белгілеу туралы айтты.

«Белгілі бір жалақыны белгілейміз, кім одан жоғары жалақы алса, автонесиеге қатыса алмайды. Яғни, несиені нақты мұқтаж жандар ғана алатын болады», – деді министр.

Марат Қарабаев өзгерістерді бір айдың ішінде әзірлеу жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар, көлігі бар адамға жеңілдетілген несиелендіру бойынша қайтадан көлік алуға рұқсат етілмейтінін еске салды.

ҚАУІПСІЗДІК

Таудағы құбылмалы
ауа райы мен адасу
қаупі туралы

ҚР ТЖМ Республикалық жедел-құтқару жасағының бөлімшесі мамыр мерекелері кезеңінде қызметтің күшейтілген түріне көшеді. Бұл туралы Алматы қаласының ӨКҚ брифингінде белгілі болды. Мамыр айындағы мерекелерде азаматтар жаппай көкке шығады. Құтқарушылар от жағуға тыйым салынғанын және туристерге тек рұқсат етілген жолдармен жүру керектігін ескертті. Табиғатқа шығар алдында, ол туралы жақындарға және 112 телефоны арқылы құтқару қызметіне ескерткен жөн.

Сұңгуір-құтқару бөлімшесінің басшысы Андрей Быбченко маусымаралық уақытта тауда тұман арасында адасып, бағытты жоғалту мүмкіндігі туралы ескертті. «Нәтижесінде демалушылар адасып, бастапқы орнына орала алмайды. Туыстары алаңдай бастап, содан кейін біздің қызметке сигнал түседі, жоғалған туристердің шамамен орналасқан жері туралы хабарлайды. Біз іздеу жұмы-



Андрей Быбченко,
Сұңгуір-құтқару
бөлімшесінің басшысы

старына кірісеміз», – деді А. Быбченко.

Жақында құтқарушылар джип көліктерінде тауға шығып, жоғалған топты тапты. Екі көлік те байланысқа шықпаған, онда шамамен 7-8 адам болған. «Біздің топ бірінші болып жолға шықты, бірақ табылған жерде екі жоғалған көлік емес, қырыққа жуық машина болатынын күткен жоқпыз. Байланыс болмады, көліктерді қар көшкіні басып қалды. Жауған қар құтқару жұмыстарын қиындатты, ауа температурасы да төмен болды», – деді А.Быбченко.

Қарда жүретін көліктер мен жүру мүмкіндігі жоғары Камаздар арқылы адамдарды эвакуациялай бастады. Барлығы сәтті аяқталып, адамдар аман қалды. Құтқарушы селфи мен ерекше ракурсты ұнататындарды өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеуге шақырды. Онымен қоса тау өзендерінің шетінде, қауіпті жерлерде, тайғақ тастардың үстінде тұруға болмайды.

«Тауға шыққан кезде киімді мұқият таңдау керек, бұл аймақта шуақты ауа-райы қарлы боранға дейін күрт ауысатынын есте ұстаған жөн. Тау жабдықтары болуы керек. От жағуға тыйым салынғанын есте сақтаңыз», – деп қосты құтқарушы. Тау өзендерінде шомылу қауіпті, адам аяқ-қолы құрысып, insultке дейін ұшырауы мүмкін. Егер адам сонда да суық суға шомылуға тәуекел етсе, оның жанында көмек көрсете алатын адамдар болуы керек.

Егер адам тау өзеніне батып кете бастаса, оның артынан өзеннің бойымен жүгіру қажет, ол ағашқа немесе тасқа тірелуі мүмкін. Бұл уақытта сіз қолда бар құралдар таяқ, арқан, бөрене және т.б. пайдалану қажет. Ешқандай дайындығы жоқ адамға құтқару үшін суға секіру ұсынылмайды.

КӘСІПКЕРЛІК

Алматыда отандық
өндірушілердің «ULTTYQ
ONIM» атты көрмесі өтеді

5-7 мамыр күндері отандық өндірушілердің «ULTTYQ ONIM» атты ірі көрмесі өтетінін қуана хабарлаймыз!

Биыл жетінші рет ұйымдастырлып отырған шара Алматы қаласындағы «Атакент» көрме орталығында өтеді! Оған «Даму» Қорының бағдарламалары аясында мемлекеттік қолдау алған өндіруші-компаниялар жиналады.

«ULTTYQ ONIM» көрмесінің қонақтары Қазақстанның бар өңірінен келетін үздік әрі бірегей компаниялардың сапалы өнімдерін сатып ала алады. Көрмеде халық тұтынатын тауарлар, азық-түлік, киім-кешек, аяқ киім, тұрмыстық химия, жиһаз, сондай-ақ өнеркәсіп, құрылыс, орап-қаптау материалдары, машина жасау, жабдықтар да қойылады.

Сонымен қатар, қазақстандық дизайнерлердің киімдерін сән көрсетілімі кезінде тамашалап, тағамдардың дәмін тату арқылы үздігін анықтау байқауына қатысып, тегін лотерея алып, отандық өнімдер ұтып алып, шеберлік сабақтары мен семинарларға емін-еркін қатысып, концерт тамашалап қайтуға мүмкіндік мол!

5-7 мамыр күндері Алматы қаласындағы «Атакент» көрме орталығында (11 павильон) күтеміз.

Кіру – тегін.

ӘЛЕУМЕТ

Алматы полициясы отбасы-тұрмыстық
қатынастар саласындағы құқық
бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейтті

Тәжірибе көрсеткендей, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі өмірлеріне қауіп төнген кезде полицияға жүгінеді, бірақ қызметкерлер келген кезде агрессорлардың үстіне арыз жазудан бас тартады. Полиция қызметкерлері кеткеннен кейін отбасындағы кикілжіңдер мен ұрыстар жалғасып, кейде ауыр зардаптарға әкеп соғады.

Осыған байланысты, ҚР ІІМ құқық қолдану тәжірибесі мен халықаралық тәжірибе негізінде заңнамалық өзгерістерді әзірледі.

«Енді, біріншіден, тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің арыздану сипаты болмайды, демек, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың орын алуы дерегі бойынша анықтау болады. Хаттама толтыру үшін

куәгерлердің, көршілердің айтқандары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіштердің жазбалары жеткілікті болады, соңғы шешімді сот шығарады. Екіншіден, тараптардың қайта татуласу мүмкіндігі алынып тасталады. Қазіргі уақытта әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар арыз болса, біз әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырамыз, бірақ оның жартысы татуласуына немесе жәбірленушінің ойының өзгеруіне байланысты сот тәртібімен тоқтатылады. Бұл агрессордың немесе туыстарының көндіру және қысым көрсетуінің нәтижесінде орын алып отыр», – деді, Алматы қалалық ПД ЖПҚБ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің аға инспекторы, полиция подполковнигі Ақбота Әбілқасымова.

Үшіншіден, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін

әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері анықталды. Қолданыстағы заңнама тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін 5,10,15 тәулікке дейін қамауға алуды қарастырады. Іс жүзінде соттар шешім шығарған кезде 1 тәуліктен 5 тәулікке дейін қамауға алумен шектелді. Енді «дейін» сөзі алынып тасталды.

Қылмыстық кодекстің жеке баптарында, ҚК-тің 106, 107 бабында, денсаулыққа орташа ауырлық тигізуіне байланысты, «кінәліге қаржылай немесе өзге де тәуелді болып табылатын адамға қарсы әрекет жасау» деп енгізілді.

Қылмыстық кодекске енгізілген түзетулер 2023 жылдың 19 мамырынан бастап күшіне енеді.

ҚР ӘҚБК-дегі өзгертулер 01.07.2023 жылдан бастап күшіне енеді.

Алматыдағы ҰОС-ның
ардагері 100 жылдық
мерейтойын атап өтуде

Ұлы Отан соғысының ардагері – шекарашы, «Қызыл жұлдыз» орденінің екі дүркін кавалері, бірінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Құрмет» ордендерінің иегері, отставкадағы полковник Таратунин Николай Александрович 100 жасқа толды.

Николай Таратунин 1941 жылы құрдастарымен бірге Отанды қорғау үшін майданға аттанады. Батыс, Сталинград, Украин майдандарында жанкештілікпен шайқасып, жерімізді басқыншылардан қорғайды.

Соғыстан соң ол Алматыдағы жаяу әскерлер училищесінің курсанты атанады. Оқуды жақсы аяқтап, Түркиямен, Иранмен, Қытаймен, Жапониямен шекаралас аймақтарда әскери қызметін өтейді. Бүгінде соғыс ардагері Николай Александрович ұлымен бірге тұрады, үш немересі, төрт шөбересі бар. 9 мамырда бәрі жиналып, ардагер аталарын Жеңіс күнімен құттықтайды.

